

БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

Жүсіпбектің жеті өсиеті

ЖАРИЯЛАНДЫ
04.03.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/150770/

Жүсіпбектің жеті өсиеті

Кейикбаева Әсел

Көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытов бар ғұмырын ұлтқа арнаған. Қазақтың бағы мен бағытын ойлап, барын салған. Жүсіпбек Аймауытовтың өнегеге толы сөздерін ұсынамыз. Оқып, ой қорытып көріңіз!

1 Оқығандар! Бұл уақыт жан тыныштық іздейтін, қызық қуатын уақыт емес, қызмет қылатын, еңбек сіңіретін уақыт. Ойлаңыздар: халық біз үшін емес, біз халық үшін туғамыз, олай болса, мойынымызда халықтың зор борышы, ауыр жүгі жатыр.

2 Зорлық, қиянат, қанішерлік жоғалып, бір заманда адам баласы бірін бірі маңдайға шертпейтін, жер жүзіне ұрмақ орнайтын шақ бола ма? Жоқ па? Белгісіз болса, алыс. Өзі көксеу — тәтті қиял; заман көксететін емес. Ендігі мақсат — аяқ астында қалмай, тырбанып тырна-қатар ретке кіру, дүниежүзінен жоғалып кетпес қамын қылу.

3 Адамның өмірдегі ісі — алған тәжірибесінің жемісі. Жанның тәрбиеленетін үш түрлі сыпаты бар: ақыл, сезім, қайрат. Адам жаратылыстан ақылды болып, осы үш сыпаты бірдей тәрбиеленген болса, ол кісі әрі данышпан болады. Ол адам ісінде байыпты, табанды болып көп қата жібермейді.

4 Өтірік айтпа, қиянат қылма, адал бол, ақжүрек бол, өзің үшін оқыма, мен үшін де оқыма, ұлтыңа қызмет қылып, пайда тигізу үшін оқы!

5 Дәрігерден де тәрбиешінің көп болғаны артық, дәрігер адамның денесін сауықтыратын болса, тәрбиеші адамның ақылын, мінезін, жанын сауықтырады.

6 Бір әріп үйреткенге 40 жыл сәлем бер.

7 Естеріңізде болсын: қара халықтың мәдениетті болуынан мәдениетті кісінің қазақ болуы қиын, баласына осы бастан ұлт рухын сіңіріп, қазақ өміріне жақындатып тәрбиелеу керек.

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.